



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 1846 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 наурыз N 347

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақтөбемұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сенімгерлік басқаруға беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 1846 P001846_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

тақырыбындағы "Ақтөбемұнайгаз" деген сөз "Ақтөбемұнайгаз" - СНПС" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 - тармақтың 1) тармақшасында:

"Ақтөбемұнайгаз" деген сөз "Ақтөбемұнайгаз - СНПС" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"сатып алу" деген сөздерден кейін "және оқшаулау" деген сөздер жазылып, " құқығынсыз" деген сөзден кейін "уәкілетті органмен келісім бойынша оларды тиісінше басқару мақсатымен сеніп берілген мүлікпен өзге де іс-қимыл жасау құқығымен" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жығы 14 желтоқсандағы

N 1846 қаулысының күшін тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1929

P001929_

қаулысының күші
жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК